

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен  
«Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар  
қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің  
арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Салалық келісім**

**I БӨЛІМ. Жалпы ережелер.**

**II БӨЛІМ. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау туралы.**

**III БӨЛІМ. Салада әлеуметтік серіктестік пен диалогты дамыту туралы.**

**IV БӨЛІМ. Еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау бойынша шаралар туралы.**

**V БӨЛІМ. Саладағы еңбек ақы төлеудің негізгі принциптері туралы.**

**VI БӨЛІМ. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін қорғау және денсаулығын сақтау.**

**I БӨЛІМ. Жалпы ережелер**

1. Әлеуметтік әріптестік тараптарының уәкілетті өкілдері – бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі, әлеуметтік әріптестік шеңберінде түсіністік орнату және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер беру, өзара Тараптардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерін жұмысқа орналастыру және дамыту, оларға ақы төлеу бойынша еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау жөніндегі ережелерді іске асыру жөніндегі Тараптар арасында 2024-2026 жылдарға өзара осы Салалық келісім (бұдан әрі Келісім) жасады. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмысшылардың республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісіміне сәйкес жасалған.

Келісім «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар

қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық ұйымы мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі арасында жасалатын, тараптардың жұмыс күшін құру жөніндегі мазмұны мен міндеттерін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жұмысшылары жағдайларын, жұмыспен қамтылуын және әлеуметтік кепілдіктерін айқындайтын құқықтық акт болып табылады.

2. Келісімнің тараптары:

1) жұмыс берушілердің өкілдері – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік орган.

2) жұмысшылардың өкілдері – «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ).

3. Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту, бұзу немесе жаңа Келісімді жасасу туралы мәселені тараптар осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай бұрын шешеді.

Келісім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Және 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

Келісімнің барлық қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады және бірдей заңды күшке ие.

Келісімге қатысу және оны қабылдау жөніндегі комиссияны құру тәртібі, құзыреті және қызметі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Салалық комиссия бекіткен Әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Салалық комиссиясы туралы ережеде көзделген (№ 3 қосымша).

Келісімнің қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді, бірақ үш жылдан аспауы тиіс.

4. Келісімге өзгертулер мен толықтырулар тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және командирлер мен бастықтарға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жедел хаты арқылы хабарланады. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты даулы мәселелер ұжымдық еңбек дауларын шешу үшін белгіленген тәртіппен шешіледі.

5. Келісім тараптарының ешқайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқығы жоқ.

Салалық келісімнің күші тиісті қызмет саласының мемлекеттік органына, тиісті саланың жұмыс берушілеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жұмыскерлеріне және жұмыскерлердің өкілдеріне қолданылады.

6. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда оның міндеттемелері оның құқықтық мирасқорына өтеді, ал қажет болған жағдайда Келісімге қайтадан қол қойылады.

7. Осы Келісімнен туындайтын ережелер Тараптар үшін міндетті болып табылады, ҚМ ұйымдарында ұжымдық шарттар жасау үшін негіз болады

және оларды алып тастауға немесе азайтуға болмайды (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 147-бабының 2-тармағының 4-тармақшасы). Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мекемелеріндегі қызметкерлер атынан ұжымдық шарттар жасасу туралы келіссөздер жүргізу құқығын «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ атынан өкілдік ететін кәсіподақ өкілдері жүзеге асырады.

Келісім жұмыс берушілердің еңбек ақы, жұмыс уақыты, тынығу және ұжымдық, еңбек шарттарында айқындалатын қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың басқа да шаралары бойынша қосымша жеңілдіктер және кепілдіктер беру құқықтарын шектемейді.

8. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы мен және осы Келісім мен салыстырғанда қызметкерлердің кепілдіктерін нашарлататын келісімнің, ұжымдық және еңбек шартының ережелері, жұмыс берушілердің актілері жарамсыз деп танылады және қолданысқа жатпайды.

Келісім және нормалық құқықтық актілерде бір-біріне қарама қайшылық нормалар туындаған жағдайда, Тараптар және жұмыс берушілер нормалық құқықтық актілердің нормаларын басшылыққа алады.

9. Егер осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде осы Келісімде белгіленген шарттарды жетілдіретін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер қабылданса, олардың ережелері күшіне енген кезден бастап осы шарттарға қолданылады.

10. Келісімнің ережелерін іске асыру барысын бақылауды тұрақты жұмыс істейтін Комиссия жүзеге асырады.

11. Келісім талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, комиссия Келісімге қол қойған тұлғаларға жазбаша түрде ұсыныстар енгізеді.

12. Екінші тараптан келіссөздерді бастау туралы жазбаша ұсыныс алған тарап оны он күнтізбелік күн ішінде қарап, келіссөздерді бастауға міндетті.

13. Жұмыскерлер мәселенің мәні бойынша тұрақты жұмыс істейтін салалық комиссияға немесе оған қол қойған тұлғаларға тікелей жүгінуге құқылы.

## **II БӨЛІМ. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау туралы**

14. Тараптар осы Келісімді еліміздің Қорғаныс қабілетін нығайту, күшқуатын арттыру, Қорғаныс қабілетін нығайту, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтарын және өзге де заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қорғаныс министрлігі мекемелері мен ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған келісілген әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асырудың жалпы принциптерін белгілейтін әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты деп таниды:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз орындауы;
- 2) командирлердің, бастықтардың және қызметкерлердің әлеуметтік

жауапкершілігі, өзара сыйластық және олардың мүдделерінің ымыраға келуі;

3) Қарулы Күштердің трансформациясын жүзеге асыру үшін бірлескен жауапкершілік және оны жергілікті жерлерде іс жүзінде жүзеге асыруға жәрдемдесуі;

4) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шартты реттеу;

5) жұмысшылардың, командирлер мен бастықтардың еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, еңбек ұжымдарында келісім мен тұрақтылықты сақтаудағы сындарлы өзара іс-әрекеті;

6) ұжымдық шарттар мен осы Келісімге қол қою және орындау жөніндегі міндеттілігі.

15. Тараптар осы Келісімді басшылыққа алуға, оның барлық шарттарын сақтауға міндеттеледі және оның ережелерін сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

16. Келісімді әзірлеу бойынша келіссөздер жүргізу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қорғаныс министрлігінің ұйымдарында оның орындалу барысы мен қорытындыларын бақылау, сондай-ақ оның негізінде құрылған ұжымдық шарттар бойынша жанжалды жағдайлар мен келіспеушіліктерді қарау үшін тұрақты жұмыс істейтін әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-экономикалық, еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссияның жұмысы туралы ереже тараптардың келісімінен кейін Комиссия отырысында бекітіледі. Тұрақты Салалық комиссия құрылады:

1) жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің комиссия қызметіне міндетті түрде қатысуы;

2) тараптардың өкілеттілігі;

3) паритеттік өкілдік;

4) тараптардың құқықтарының теңдігі;

5) тараптардың өзара жауапкершілігі.

Комиссия мүшелерінің дербес құрамын әлеуметтік серіктестіктің әрбір тарабы өздігінен құрады.

Келісімді әзірлеу және жасасу бойынша жұмыстарды аяқтау туралы Комиссияның шешімі тараптардың бірінші тұлғалары қол қойғанға дейін түпкілікті болып табылады.

Комиссия жұмысын жоспарлау оның отырыстарында жүзеге асырылады және бекітіледі.

17. Министрлік пен кәсіподақ келісімге келді:

1) бірлескен күш-жігер арқылы қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің барлық ұйымдарында Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Комиссия отырыстарында жылына кемінде екі рет осы Келісімнің орындалу барысы мен ұжымдық еңбек дауларының шешілуін – олардың

туындауына қарай командирлер мен бастықтардың орындауы міндетті нұсқамалар қабылдай отырып, қарауға және мәжілістердің тиісті хаттамаларын дайындауға;

3) өз өкілдері арқылы ұжымдық шарттардың орындалу барысы мен нәтижелерін жасасу және талқылау үшін кәсіподақ жиналыстарының (конференцияларының) жұмысына, Министрліктің ұйымдарында туындайтын жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу жөніндегі еңбек арбитражының келісім комиссияларының жұмысына қатысуға;

4) келісімге және ұжымдық шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша келіссөздер мен консультациялар жүргізуге.

18. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі келісімдерде, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыскерлер өкілдерінің пікірін ескере отырып актілер шығарады.

19. Комиссия отырыстарында тараптар қабылдаған міндеттемелердің орындалу барысы мен нәтижелерін қарау кезінде әзірленген ұсыныстар шешім қабылдау үшін Келісімге қол қоюшы бірінші тараптардың назарына жеткізіледі.

20. Тараптар Келісімді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркегеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдер және мекемелердің командирлері мен бастықтарына, кәсіподақ органдарына (келісім бойынша) басшылыққа және орындау үшін жеткізуге келісті.

21. Қорғаныс министрлігі Келісімге қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде оны мемлекеттік органның Internet -ресурсында жариялайды.

### **III БӨЛІМ. Салада әлеуметтік серіктестік пен диалогты дамыту туралы**

22. Тараптар алдағы кезеңде еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, азаматтық персоналдың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту мақсатында әлеуметтік әріптестік жүйесін одан әрі дамытуды және оның тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету қажет деп санайды.

23. Тараптар мүдделерін үйлестіруде Комиссияның ролін арттыруға бағытталған келесі шараларды жүзеге асыруға міндеттенеді:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәселелері бойынша Комиссияның шеңберінде консультациялар өткізеді;

әскери қолбасшылықтың орталық органдары комиссияның қорытындысын ескере отырып әзірлеген әлеуметтік, еңбек және онымен байланысты экономикалық қатынастар мәселелері бойынша Қорғаныс министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға және талқылауға Комиссияның қатысуы бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

24. Тараптар әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында туындайтын ұжымдық еңбек дауларын шешу үшін өз өкілеттіктері шегінде барлық шараларды қабылдайды.

25. Министрлік «Кәсіподақтар туралы» заңға, олардың құқықтары мен қызметінің кепілдіктеріне және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес кәсіподақтың қызметіне араласпауға, кәсіподақтың құқықтарын сақтауға, әскери бөлімдер мен мекемелерде кәсіподақ ұйымдарын құруға және олардың жұмыс істеуіне ықпал етуге кепілдік береді.

26. Комиссияның қызметін және Келісімді іске асыру барысын қамту мақсатында Тараптар ведомстволық интернет-ресурстарында әлеуметтік әріптестікті дамытуға және Қорғаныс Министрлігіндегі әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелеріне арналған материалдарды жариялауды қамтамасыз етеді.

27. Комиссия жыл сайын Келісімнің ережелерін іске асыру барысын қарайды.

28. Шартқа өзгертулер мен толықтырулар келесі тәртіппен енгізіледі: Өзгерістер енгізу туралы бастама көтерген тарап нақты өзгерістер тізбесі мен келіссөздерді бастау туралы ұсынысты Комиссияға жазбаша түрде жібереді; Тараптардың бірінен тиісті ұсынысты алғаннан кейін бір ай ішінде Тараптар арасындағы келіссөздер жүргізілуге тиіс; Келісімге түзетулер Комиссияға тиісті түрде ұсынылғаннан кейін Тараптардың шешімінен енгізіледі.

29. Қорғаныс министрлігі азаматтық персоналдың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі басшылығының Кәсіподақ ұйымы басшыларының қатысуымен өтетін жиындар мен кеңестерде, өндірістік кеңесінің отырыстарында қарайды (*тараптардың келісімі бойынша*).

#### **IV БӨЛІМ. Еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау бойынша шаралар туралы**

##### **Осы келісімнің тараптары келісті:**

30. Осы Келісімді іске асыруға, әлеуметтік шиеленісті болдырмауға немесе төмендетуге, азаматтық персоналдың ереуілдерін болдырмауға, өндірістік қатынастарды жақсартуға, еңбек және технологиялық тәртіпті нығайтуға ықпал етуге.

31. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жұмыс берушілерге әдістемелік, ақпараттық көмек көрсетуге және жасалған ұжымдық шарттардың талаптарын орындауда қолдау көрсетуге, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің еңбек қатынастарының барлық спектрі бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерін дайындауға немесе өзгертуге қатысуға.

32. Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясында, өкілді, атқарушы және сот өкіметі органдарында Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштері қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға.

33. Кәсіподақтардың жаңа еңбек жағдайларын ескере отырып, кәсіподақ қызметінің тәжірибесінде жұмыс берушілерді, олардың өкілдерін, кәсіподақ белсенділерін, сондай-ақ қатардағы кәсіподақ мүшелерін оқыту жүйесін дамыту бойынша нақты шараларды жүзеге асыруға.

34. Еңбек қатынастары саласында:

1) нақты өкім құжаттарын алғанға дейін қызметкерлерге алдағы қысқартулар туралы алдын ала ескерту жағдайларын болдырмауға;

2) жұмыс беруші қызметкерлердің қызметтік қажеттіліктері мен функционалдық міндеттерін ескере отырып, өз қаражаты есебінен оқу шартына сәйкес өз бағыты бойынша білім алушыларды, сондай-ақ келісім комиссиясы мүшелерінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесінің және еңбек қауіпсіздігінің техникалық инспекторларының жоспарлы кәсіптік даярлауын, қайта даярлауын және біліктілігін арттыруды «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің өнеркәсіп кәсіподағы» ҚБ мамандарының (сарапшылары) көмегімен жүзеге асырады.

35. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі «Кәсіподақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіподақтың Салалық кеңесін, кәсіподақ филиалдарын және гарнизондық кәсіподақ органдарын, олардың аппаратының қызметкерлерін, әскери бөлімдердің, әскери оқу орындарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің кәсіподақ комитеттерінің төрағаларын белгіленген тәртіпте құқылы деп таниды:

1) Қорғаныс министрлігінің ұйымдарына қолжетімділік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерін еңбек жағдайларын, оларға ақы төлеу мен қорғауды, жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды, жұмысшылардың демалысы және денсаулығын жақсарту мәселелерін сипаттайтын ақпаратқа қол жеткізу құқығы;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерінің әлеуметтік саласын дамыту перспективалары бойынша шешімдер қабылдауға Қорғаныс министрлігі ұйымдары қатысу құқығы;

3) өз өкілдері арқылы Кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына, оның ішінде Кәсіподақ ұйымдары құрылмаған ұйымдар қызметкерлерінің жұмыс орындарына бару құқығы;

4) Кәсіподақ мүшелерінің, сондай-ақ олардың мүдделерін шарттық негізде білдіруге уәкілетті азаматтық персоналдың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығы (Республика Еңбек кодексінің 158-бабына, Қазақстан Республикасының «Кәсіподақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес) құрылатын комиссиялардың құрамына, оның ішінде аттестаттау және тұрғын үй мәселелері бойынша мүшелікке кіру құқығы;

36. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ұйымдарының басшылары жоғарыда аталған құқықтарды белгіленген тәртіппен жүзеге асыру үшін:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелеріндегі кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ сайланбалы кәсіподақ органдарының өкілдерін қабылдауды қамтамасыз етеді және рұқсат береді;

2) «Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ кәсіподақ органдарының талабы бойынша қызметкерлердің құқықтары мен өзге де заңды мүдделеріне қатысты бұйрықтар мен басқа да құжаттарды береді;

3) съездер, конференциялар немесе өзге де сайланбалы кәсіподақ органдарының жұмыс орны мен орташа жалақысын сақтай отырып, делегат болып сайланған кәсіподақ мүшелерін өндірістен босатады;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіподақ қызметін жүзеге асыру үшін үй-жайлармен қамтамасыз етеді;

## **V БӨЛІМ. Саладағы еңбекақы төлеудің негізгі принциптері туралы**

37. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтылатын Қорғаныс министрлігі ұйымдарының азаматтық қызметшілеріне және басқа да қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне (бұдан әрі - ұйымдардың қызметкерлері) еңбекақы төлеу жүйесі мерзімдік жүйе болып белгіленсін.

Мерзімдік еңбекақы жүйесі мыналарға негізделген еңбекақыны қамтиды:

1) функционалдық блоктар бойынша мемлекеттік қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтылатын ұйымдардың қызметкерлері лауазымдарының классификациясына сәйкес әзірленетін мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін қамтиды.

Мемлекеттік қызметшілер (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтылатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша жіктелуі қызмет саласына, білімі, біліктілік деңгейі, орындалатын жұмыстың күрделілігі және жауапкершілік дәрежесі қарай басқарушылық, негізгі, әкімшілік және қосалқы персоналдан қалыптастырылады.

2) ұйымдар қызметкерлерінің еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдер мен үстемақылар, сауықтыру жәрдемақылары мен өтемақыларды, қызметкердің айлық жалақысының мөлшері қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмысының күрделілігіне, оның көлемі мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына байланысты дифференциалды түрде белгіленеді.

Мерзімдік еңбекақы төлеу кезінде үстеме жұмысқа еңбек немесе ұжымдық шарт талаптарына және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғарылатылған ставка бойынша, бірақ қызметкердің күндік (сағаттық) ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінен кем емес ақы төленеді.

Орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және

жұмысшыларға біліктілік санаттарын беру жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Азаматтық қызметкерлер қатарына білікті жұмысшылар жатады.

Қызметкерлердің материалдық қызығушылығын арттыру үшін ұйымдардың басшыларына ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеуге, сыйақылар беруге және тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген үнемдеу есебінен қаржыландыру жоспары бойынша кредиторлық берешегі болмаған кезде материалдық немесе мемлекеттік орган бекіткен даму жоспары бойынша кредиторлық берешегі болмаған жағдайда осы Келісімнің 2-қосымшасында «Сыйақылар беру, әскери бөлімдер мен мекемелердің азаматтық персоналының, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің, сондай-ақ Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабының құрылымдық бөлімшелеріндегі әскери лауазымдарға уақытша тағайындалған қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына материалдық көмек көрсету және көтермелеу үстемақыларын белгілеу тәртібі туралы ережесінде» белгіленген тәртіппен көмек көрсетуге құқығы берілген.

38. Төлеу:

1) ұйым қызметінің ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған ұжымдық шарт талаптарына сәйкес заңмен белгіленген үстемақылар мен қосымша төлемдерді төлеуге;

2) азаматтық персоналды заңда белгіленген мерзімде еңбекақы төлеу және сыйақылар төлеу талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге және тараптардың өзара келісімі бойынша ұжымдық және еңбек шарттарына тиісті өзгерістер енгізуге;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің әскери лауазымдарға уақытша тағайындалған азаматтық персоналына лауазымдық жалақысы атқаратын әскери лауазымына сәйкес белгіленеді.

Әскери лауазымдарға уақытша тағайындалған тұлғаларға қосымша төлемдерді, үстемақыларды, сауықтыру жәрдемақыларын және өтемақыларды төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 Қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтылатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери қызметшінің лауазымдық жалақысы әскери қызмет өткеру ерекшеліктеріне көзделгендіктен, қызметкерлердің көрсетілген санаты үшін келесі қосымша төлемдер мен үстемақылар қарастырылмайды:

1) жұмылдыру жұмыстарына тартылған жергілікті әскери басқару органдарының мамандары мен қызметкерлеріне қосымша ақы;

2) тұрақты жауынгерлік әзірлікті қамтамасыз еткені үшін үстемақы;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау

органдарында, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында жұмыс істегені үшін үстемақы;

4) ерекше еңбек жағдайлары үшін сыйақы.

39. Жұмысшыларға біліктілік разрядын беруді немесе арттыруды «Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында» белгіленген талаптар мен жұмыс сипаттамаларына сәйкес экономиканың тиісті салалары бойынша әскери бөлімдердің командирлері, мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары тағайындайтын Біліктілік комиссиялары жүзеге асырады. Комиссия құрамына кәсіподақ комитетінің өкілі тағайындалсын.

40. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің ұжымдық шарттарында қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 1193 Қаулысына сәйкес айқындалатыны көзделсін.

41. Жалақы айына кемінде бір рет келесі айдың бірінші он күндігінен кешіктірілмей белгіленеді және төленеді. Жалақыны төлеу мерзімі еңбек шартында белгіленеді. Егер жалақы төлеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, төлем олардың қарсаңында жүргізіледі.

Жалақыны төлеу кезінде жұмыс беруші әрбір қызметкерге тиісті кезеңдегі оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, ұсталған бөлігінің мөлшерлері мен негіздемелері, оның ішінде ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, сондай-ақ төленетін жалпы ақшалай сома туралы мәліметтерді ай сайын жазбаша немесе электронды түрде хабарлауға міндетті.

Жұмыс беруші еңбек шартында белгіленген мерзімдерде жалақыны толық көлемде төлемеген жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады. Жұмыс беруші қызметкерге төлемді кешіктіргені үшін берешекті және өсімақыны төлейді. Өсімақы сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбекақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніндегі ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептеледі және төлемдерді төлеу мерзімінің келесі күнінен бастап мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі және төлем жасалған күні аяқталады.

Еңбек шарты бұзылған кезде жұмыс берушіден қызметкерге тиесілі соманы төлеу шарт тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

42. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен мерзімдік медициналық тексеруден өту кезеңінде Еңбек Кодексіне немесе ұжымдық шартқа сәйкес өтуге міндетті қызметкерлердің жұмыс орны (лауазымы) және орташа жалақысы сақталады.

43. Іссапар кезінде қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) және іссапар күндеріне келетін жұмыс күндері үшін жалақысы сақталады.

Іссапарға жіберілген қызметкерлерге төленеді:

1) іссапарда болған күнтізбелік күндерге, оның ішінде жол жүру уақытына арналған күнделікті жәрдемақы;

2) межелі жерге дейін және кері жол жүру шығындары;

3) тұрғын үй-жайларды жалға алу шығындары.

44. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жұмыс орнын (лауазымын) сақтай отырып, оларды мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерге тартылған кезеңге еңбек міндеттерін орындаудан босатады.

Мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындағаны үшін қызметкердің жалақысы осы міндеттерді орындайтын жерде, бірақ жұмыс орны бойынша орташа жалақыдан төмен емес төленеді.

45. Жұмыс беруші орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмысынан айырылуына байланысты өтемақы төлемдерін келесі жағдайларда жүзеге асырады:

1) жұмыс беруші заңды тұлға ретінде таратылған жағдайда немесе жұмыс берушінің жеке тұлға ретінде қызметі тоқтатылған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде;

2) қызметкерлер саны немесе штаты қысқарған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде;

3) жұмыс беруші еңбек шартының талаптарын орындамаған жағдайда қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде.

Жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндіріс көлемі, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер азайған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде жұмысынан айырылуына байланысты екі айдағы орташа жалақы мөлшерінде өтемақы төлемдерін жүзеге асырады.

46. Еңбек Кодексінің 52-бабы 1-тармағының 24-тармақшасында көзделген негіздер бойынша еңбек шарты бұзылған кезде (зейнеткерлік жасқа толғанда) қызметкерлерге соңғы атқарған лауазымы бойынша бір лауазымдық жалақысы мөлшерінде өтемақы төленеді.

47. Қызметкер жұмыс берушімен бірге басқа салаға жұмысқа ауыстырылған кезде жұмыс беруші қызметкерге келесі шығындарды өтеуге міндетті:

1) қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің қоныс аудару үшін;

2) қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің мүлкін тасымалдау үшін.

Қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің жол жүруі үшін өтемақы төлемдерінің мөлшері нақты шығындарды растайтын құжаттар негізінде айқындалады.

Мүлікті тасымалдауға кеткен шығындарды өтеу келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{L}{20 \text{ км}} \times 1 \text{ аек}$$

бұл жерде:

L – жолдың жөнелту нүктесінен межелі жерге дейінгі километрмен

есептелген қашықтығы;

20 км – тұрақтымән;

1 аек – тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері.

48. Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі, төлемдерді тағайындау мен төлеу тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

49. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге міндетті.

Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелері мен расталған зиянды еңбек жағдайлары алынып тасталса, агенттердің міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуі жүзеге асырылмайды.

50. Қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы еңбекке жарамсыздығының бірінші күнінен бастап еңбекке қабілеттілігі қалпына келтірілген күнге дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектік белгіленгенге дейін төленеді.

Осы мақсатқа жету үшін басшының бұйрығымен мемлекеттік мекемеде арнайы комиссия құрылып, келтірілген залалдың орнын толтыру мөлшерін есептейді.

## **VI БӨЛІМ. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін қорғау және денсаулығын сақтау**

51. 2024-2026 жылдар ішінде өндіріс объектілерін еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды мамандандырылған ұйымдар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жүргізетін болады.

52. 2024-2026 жылдары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, оның ішінде жеке қорғаныс құралдарын және арнайы киім, арнайы аяқ киім сатып алуға немесе өндіруге арналған бюджет қаражатының жоспарланған және бекітілген жылдық көлемі шегінде әскери бөлімдер мен мекемелерге сәйкес қаражат бөлу қамтамасыз етілсін.

53. Зиянды еңбек жағдайларында тұрақты жұмыс істейтін қызметкерлерге ауысымына 0,5 литр мөлшерінде сүт және оны алмастыратын өнімдердің берілуі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1056 бұйрығымен бекітілген сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тамақтануды беру нормаларын ескере отырып, қызметкерлерге ұжымдық шартқа қоса берілетін жұмысшылардың лауазымдары мен кәсіптерінің Тізбесіне сәйкес берілуі тиіс.

54. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған өндірістік жаракат, кәсіптік ауру немесе денсаулығының өзге де зақымдануы, сонымен қатар

өндіріске қатысты емес денсаулығының кінараты салдарынан еңбек қабілеті өзгерген қызметкерлерге медициналық қорытынды бойынша, жұмыс беруші олардың еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіргенше, мүгедектік немесе кәсіби қабілетін жоғалтқаны белгіленгенше, еңбек немесе ұжымдық шарттарда көзделген жағдайларда қызметкерді жеңілдетілген жұмысқа уақытша ауыстыруға немесе оны жұмыстан босатуға міндетті.

55. Жұмыс беруші тоқсанына бір рет қызметкерлердің өкілдеріне олардың жазбаша өтініші бойынша еңбек жағдайларының, қауіпсіздіктің және еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылау үшін қажетті ақпаратты береді.

56. Төтенше жағдайларда Жұмысшылардың денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған жағдайда, олар еңбекті қорғау мамандарының растауы бойынша жұмыс берушіні хабардар етеді, ол жұмысты тоқтата тұруға және осы қауіпті жою шараларын қолдануға міндетті. Мұндай жағдайларда қызметкерлер жұмыстың тоқтатуының барлық кезеңіне орташа айлық жалақысы сақталады. Бұл жағдайларда жұмысты орындаудан бас тарту оларға қандай да бір тәртіптік, құқықтық немесе экономикалық жазаға әкеп соқпайды.

57. Азаматтық қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерге ұзақтығы 24 күнтізбелік күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысына қосымша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызмет ерекшелігіне байланысты жұмыстарды орындағаны үшін осы Келісімнің № 1 Қосымшасына сәйкес Лауазымдар тізбесі бойынша ұзақтығы күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы қосымша демалыстар беріледі.

58. 12 жасқа дейінгі екі және одан да көп баланы тәрбиелеп отырған аналарға немесе осы санаттағы балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа да аналарға (жалғыз басты әкелерге), сондай-ақ бала кезінен 18 жасқа дейінгі асырауында мүгедек балалары бар және оларға күтім жасап отырған қызметкерлерге күнтізбелік үш күндік қосымша ақылы еңбек демалысын беріледі.

59. Оқу-жаттығу жиындарын, оқу-жаттығуларды және жауынгерлік әзірлік сабақтарын өткізу кезеңінде рұқсат етілген кез келген үстеме жұмыс уақыты келесі күнтізбелік 10 күн ішінде 2 еселік үстеме сағаттар көлемінде демалыс беру арқылы өтеледі;

60. Ұжымдық шарттарда жұмысшыларға жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы қарастырылған:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мекемелеріндегі ұзақ мерзімді, үздіксіз жұмысы үшін:

- 10 жылдан бастап - үш күнтізбелік күн мөлшерінде;

- 15 және одан да көп жыл – бес күнтізбелік күн;

2) еңбек ұжымының мүддесіндегі қоғамдық (ҚР Еңбек Кодексінің 89 бабының 3- тармағына сәйкес «өзге сипаттағы жұмыс» ретінде) жұмыстарды орындау үшін негізгі жұмысынан босатылмаған бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына – күнтізбелік бес күн мөлшерінде.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштері мекемелеріндегі үздіксіз жұмыстың ұзақтығы еңбек қызметін растайтын құжаттар негізінде есептеледі. Есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мекемелерінде 10 және одан да көп жыл үздіксіз жұмыс істеген барлық кезең есепке алынады.

61. Елді мекендерден әскери бөлімдер мен мекемелер қашықтықта орналасқан және қоғамдық жолаушылар тасымалы болмаған жағдайда азаматтық персоналды жұмыс орнына және кері, бекітілген маршрут бойынша жеткізуді ұйымдастыру мәселелері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелері командирлерінің (басшыларының) келісімі бойынша ұжымдық шартта қарастырылады.

Жұмысқа және кері, бекітілген маршрут бойынша қызметтік көлікпен жеткізу тәртібі мен шарттары ұжымдық шартта белгіленеді және тиісті командирлердің (басшылардың) бұйрықтарымен жарияланады.

62. Жұмыс беруші негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелеріне еңбек ұжымының мүддесі үшін қоғамдық тапсырмаларды орындауы үшін жалақыны сақтай отырып, қажетті уақыт мөлшерін береді;

63. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында және жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда қызметкерлерді өз қаражаты есебінен профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жіберуге міндетті.

64. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) қызметкерлердің немесе олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына паритеттік негізде жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері, оның ішінде техникалық еңбек инспекторлары кіреді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің арасынан екі жыл сайын ротациялық негізде кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқарады.

Өндірістік кеңестің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі шешімдері жұмыс беруші мен қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жұмыс беруші мен қызметкерлердің бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеруін ұйымдастырады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға кандидаттарды кәсіптік ұйым ұсынады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оларды бақылау тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
министрлігі атынан  
Қорғаныс Министрінің орынбасары



*Ә. Бейсенов*  
Ә. Бейсенов

«Қарулы Күштердің, басқа да  
әскерлер мен әскери  
құрылымдары қызметкерлерінің  
салалық кәсіптік одағы» ҚБ үшін  
Қарулы Күштер қызметкерлері  
Кәсіподағының төрағасы  
Т. Ерденбеков



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінде тіркелді Тіркеу нөмірі 102

«29» сентябрь 2022 ж. *Т. Бердұра*

Осы Келісімге 2023 жылғы «28» сентябрь Астана қаласында  
тараптардың қолы қойылған және мөрімен бекітілген, әрқайсысының күші  
бірдей мемлекеттік тілде үш данада және орыс тілінде үш данада.

**Отраслевое соглашение между  
Министерством обороны Республики Казахстан и  
Общественным объединением «Отраслевой профессиональный союз  
работников Вооруженных Сил, других войск и воинских  
формирований» на 2024-2026 годы**

**РАЗДЕЛ I. Общие положения**

**РАЗДЕЛ II. О рассмотрении программных и стратегических документов  
Министерства обороны Республики Казахстан**

**РАЗДЕЛ III. О развитии социального партнерства и диалога в отрасли**

**РАЗДЕЛ IV. О мероприятиях по предупреждению и предотвращению  
трудовых конфликтов и забастовок**

**РАЗДЕЛ V. Об основных принципах оплаты труда отрасли**

**РАЗДЕЛ VI. Охрана труда и здоровья работников Вооруженных Сил  
Республики Казахстан**

**РАЗДЕЛ I. Общие положения**

1. Полномочные представители сторон социального партнерства - Министерство обороны Республики Казахстан и Общественное объединение «Отраслевой профессиональный союз работников Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований», в дальнейшем именуемые Стороны, заключили настоящее отраслевое соглашение на 2024-2026 годы (далее Соглашение), устанавливающее взаимопонимания между Сторонами в рамках социального партнерства и предоставления работникам Вооруженных Сил Республики Казахстан социальных гарантий и льгот, взаимных обязательств сторон по реализации положений о занятости и развитию работников Вооруженных Сил Республики Казахстан, условий труда его оплате, охране труда и здоровья, определенных настоящим Соглашением для работников Вооруженных Сил. Настоящее Соглашение заключено в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Трудовым Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан о «О профессиональных союзах», другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, касающимися социально-экономических и трудовых прав и интересов работников и Генеральным Соглашением между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2024-2026 годы.

Соглашение является правовым актом, заключаемым между

Общественной организацией «Отраслевой профессиональный союз работников Вооруженных сил, других войск и воинских формирований» и Министерством обороны Республики Казахстан, определяющим содержание и обязательства сторон по установлению условий труда, занятости и социальных гарантий для работников Вооруженных Сил Республики Казахстан.

2. Сторонами Соглашения являются:

1) представители работодателей – государственный орган Министерство обороны Республики Казахстан (далее – Министерство).

2) представители работников - Общественное объединение «Отраслевой профессиональный союз работников Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований (далее Профсоюз).

3. Вопрос о продлении срока действия, расторжении или заключении нового Соглашения решается сторонами за три месяца до окончания действия настоящего Соглашения.

Соглашение вступает в силу с 1 января 2024 года, и действует до 31 декабря 2026 года.

Все приложения к Соглашению являются их неотъемлемой частью и имеют с ними равную юридическую силу.

Порядок формирования, компетенции и деятельности комиссии для участия и принятия Соглашения, предусматривается Положением о постоянно действующей Отраслевой комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений Министерства обороны Республики Казахстан, утвержденным Отраслевой комиссией (Приложение № 3).

Срок действия Соглашения устанавливается по согласованию сторон, но не может превышать три года.

4. Изменения и дополнения в Соглашение вносятся по взаимному согласию сторон и доводятся до командиров и начальников телеграммой Министра обороны Республики Казахстан. Спорные вопросы по внесению изменений и дополнений в Соглашение решаются в порядке, определенном для разрешения коллективных трудовых споров.

5. Ни одна из сторон Соглашения не имеет права в течение срока действия настоящего Соглашения прекратить выполнение принятых на себя обязательств, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и настоящим Соглашением.

Действие Соглашения распространяется на государственный орган соответствующей сферы деятельности, работодателей, работников Вооруженных Сил Республики Казахстан и представителей работников.

6. В случае реорганизации одной из сторон ее обязательства переходят к ее правопреемнику, а в случае необходимости, Соглашение подписывается вновь.

7. Положения, вытекающие из настоящего Соглашения, являются обязательными для Сторон, служат основой для заключения коллективных

договоров в организациях Министерства обороны и не могут быть исключены или уменьшены (пп.4, п.2, ст.147 Трудового Кодекса РК). Право на ведение переговоров по заключению коллективных договоров от имени работников в учреждениях ВС РК осуществляется полномочными представителями Профсоюза, представляющими ОО «Отраслевой профессиональный союз работников Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований».

Соглашение не ограничивает права работодателей в предоставлении дополнительных льгот и гарантий в части оплаты труда, режима работы, отдыха и иных мер социальной поддержки работников, определенных коллективными и трудовыми договорами.

8. Положения Соглашения, коллективных, трудовых договоров, актов работодателей, ухудшающие гарантии работников по сравнению с трудовым законодательством Республики Казахстан и настоящим Соглашением, признаются недействительными и не подлежат применению.

При наличии противоречий в положениях Соглашения и нормативных правовых актов Стороны, а также работодатели руководствуются нормами нормативных правовых актов.

9. В случае принятия в период действия настоящего Соглашения законодательных и других нормативных правовых актов, улучшающих условия, установленные настоящим Соглашением, их положения применяются к данным условиям с момента вступления их в силу.

10. Контроль за ходом выполнения положений Соглашения осуществляется постоянно действующей Комиссией.

11. При выявлении нарушений условий Соглашения комиссия в письменной форме вносит предложения лицам, подписавшим Соглашение.

12. Сторона, получившая письменное предложение о начале переговоров от другой стороны, обязана в течение десяти календарных дней рассмотреть его и приступить к переговорам.

13. Работники вправе обратиться по существу вопроса в адрес постоянно действующей Отраслевой комиссии или непосредственно к лицам, его подписавшим.

## **РАЗДЕЛ II. О рассмотрении программных и стратегических документов Министерства обороны Республики Казахстан**

14. Стороны признают настоящее Соглашение основным документом социального партнерства, устанавливающим общие принципы проведения согласованной социально-экономической политики, направленной на повышение эффективности работы учреждений и организаций Министерства обороны (далее – Министерство) в целях укрепления обороноспособности страны, усиления защиты социально-экономических и трудовых прав, других законных интересов работников Вооруженных Сил Республики Казахстан:

- 1) неукоснительного соблюдения законодательства Республики

Казахстан;

2) социальной ответственности командиров, начальников и работников, взаимного уважения и достижения компромисса их интересов;

3) солидарной ответственности за реализацию трансформации Вооруженных Сил и содействия ее практическому осуществлению на местах;

4) социального партнерства и коллективно-договорного регулирования социально-трудовых отношений;

5) конструктивного взаимодействия в обеспечении защиты трудовых прав и социально-экономических интересов работников, командиров и начальников, сохранения согласия и стабильности в трудовых коллективах;

6) обязательность подписания и выполнения коллективных договоров, настоящего Соглашения.

15. Стороны принимают на себя обязательство руководствоваться настоящим Соглашением, выполнять все его условия, нести предусмотренную законодательством Республики Казахстан ответственность за невыполнение его положений.

16. Для ведения переговоров по разработке Соглашения, внесению в него изменений и дополнений, контроля над ходом и подведением итогов его выполнения в организациях Министерства, а также для рассмотрения конфликтных ситуаций и разногласий по коллективным договорам, заключенным на его основе, создается постоянно действующая Отраслевая комиссия по социальному партнерству и регулированию социально-экономических и трудовых отношений (далее - Комиссия).

Положение о работе Комиссии после согласования сторонами утверждается на заседании Комиссии. Постоянно действующая Комиссия формируется на принципах:

1) обязательности участия представителей работодателей и работников в деятельности Комиссии;

2) полномочности сторон;

3) паритетного представительства;

4) равноправия сторон;

5) взаимной ответственности сторон.

Персональный состав участников комиссии формируется каждой стороной социального партнерства самостоятельно.

Решение Комиссии о завершении работы по разработке условий и заключению Соглашения является окончательным перед подписанием его первыми лицами сторон.

Планирование работы Комиссии осуществляется и утверждается на ее заседаниях.

17. Министерство и Профсоюз договорились:

1) совместными усилиями решать трудовые и социально-экономические проблемы работников, обеспечивать реализацию во всех организациях Министерства положений Трудового Кодекса Республики Казахстан, иных нормативных правовых актов Республики Казахстан;

2) рассматривать на заседаниях Комиссии ход выполнения настоящего Соглашения не реже двух раз в год, а разрешение коллективных трудовых споров - по мере их возникновения, с принятием обязательных для исполнения командирами и начальниками указаний, и оформлением соответствующих протоколов заседаний;

3) через своих представителей участвовать в работе профсоюзных собраний (конференциях) по заключению и обсуждению хода и итогов выполнения коллективных договоров, в работе согласительных комиссий трудовым арбитражем по разрешению индивидуальных и коллективных трудовых споров, возникающих в организациях Министерства;

4) вести переговоры и консультации по внесению изменений и дополнений в Соглашение, коллективные договора.

18. Министерство в случаях, предусмотренных Соглашением, коллективными договорами, издает акты с учетом мнения представителей работников.

19. Предложения, выработанные на заседаниях Комиссии при рассмотрении хода и итогов выполнения, принятых сторонами обязательств, доводятся до первых лиц, подписавших Соглашение, для принятия решения.

20. Стороны договорились после регистрации Соглашения в Министерстве труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, о том, что Министерство обороны Республики Казахстан доведет до командиров и начальников воинских частей и учреждений, профсоюзным органам (по согласованию) для руководства и исполнения.

21. В течение 30 календарных дней со дня подписания Соглашения Министерство размещает его на Internet-ресурсе государственного органа.

### **РАЗДЕЛ III. О развитии социального партнерства и диалога в отрасли**

22. Стороны считают необходимым обеспечить в предстоящий период дальнейшее развитие системы социального партнерства и повышение его эффективности в целях укрепления обороноспособности страны, усиления защиты трудовых, социально-экономических прав и законных интересов гражданского персонала.

23. Стороны обязуются реализовать следующие меры, направленные на повышение роли Комиссии в согласовании интересов Сторон:

проводить в рамках Комиссии консультации по вопросам социально-экономического положения работников Вооруженных Сил Республики Казахстан;

обеспечить выполнение норм Трудового кодекса РК, касающихся участия Комиссии в подготовке и обсуждении проектов нормативных правовых актов Министерства обороны по вопросам социально-трудовых и связанных с ними экономических отношений, разрабатываемых центральными органами военного управления, учета по ним мнения

Комиссии.

24. Стороны принимают все зависящие от них меры по урегулированию коллективных трудовых споров, возникающих в области социально-трудовых отношений.

25. Министерство гарантирует невмешательство в деятельность Профсоюза, соблюдение прав гарантий деятельности Профсоюза в соответствии с Законом «О профессиональных союзах» и Трудовым кодексом РК, содействовать созданию и функционированию профсоюзных организаций в воинских частях и учреждениях.

26. В целях освещения деятельности Комиссии и хода реализации Соглашения Стороны обеспечивают публикацию на ведомственных Internet-ресурсах материалов, посвященных развитию социального партнерства и проблемам социально-трудовых отношений в Министерстве.

27. Комиссия ежегодно рассматривает ход выполнения положений Соглашения.

28. Изменения и дополнения в Соглашение вносятся в следующем порядке: Сторона, проявившая инициативу по внесению изменений, направляет в Комиссию в письменной форме предложение о начале переговоров с перечнем конкретных изменений, после получения соответствующего предложения одной из Сторон переговоры Сторон должны быть проведены в течение одного месяца, изменения в Соглашение вносятся решением Сторон после соответствующего представления Комиссии.

29. Министерство рассматривает вопросы, затрагивающие права и интересы гражданского персонала, на сборах и совещаниях руководящего состава Министерства с участием руководителей Профсоюза, заседаниях Отраслевого Совета Профсоюза *(по согласованию сторон)*.

